

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ



**ҚОЛДАНЫСТАҒЫ НҚА-ДІ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, МЕКТЕПКЕ
ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ТАМАҚТАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ
ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ И
КОНТРОЛЮ ПИТАНИЯ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ С
УЧЕТОМ ДЕЙСТВУЮЩИХ НПА**

Астана, 2024 ж.

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Қолданыстағы НҚА-ді ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтануды ұйымдастыру және бақылау бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2024. – 38 б.

Пікір жазғандар:

Жиенбаева С. Н. п.ғ.д., профессор;

Бектурганова Г. К., меңгеруші;

Мухиденова Ж. А., әдіскер

Әдістемелік ұсынымдарда мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтануды ұйымдастыру және бақылау бойынша жұмыстың мазмұны ұсынылған. Мектеп жасына дейінгі балалардың дұрыс тамақтануы олардың өсуі, физикалық және психикалық дамуы үшін қажетті жағдай болып табылады. Балалар көбінесе мектепке дейінгі ұйымда болады, сондықтан олардың денсаулығы мен дамуы дұрыс ұйымдастырылған тамақтануға байланысты.

Құрал мектеп жасына дейінгі балалардың тамақтануын дұрыс ұйымдастыру және бақылау үшін мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, медицина және ас блогының қызметкерлеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2024 жылғы 11 наурыздағы №2 хаттама).

«Балаларды ерте дамыту институты», 2024 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазіргі кезде мемлекет пен қоғам қызметінің басым бағыттарының бірі-халықтың денсаулығын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл бағыттың маңыздысы - мектеп жасына дейінгі балаларды тиімді тамақтандыру қағидаларын сақтау. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – балалардың дене, тұлғалық, зияткерлік қасиеттерін дамыту, олардың әлеуметтік жетістігі мен бүкіл өмірінің бойында бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті негізгі құзыреттілігін қалыптастыру». Бұл кезең қарқынды өсу процестерімен, көптеген органдар мен жүйелердің, әсіресе жүйке жүйесінің қызметін одан әрі жетілдірумен, зат алмасу процестерінің артуымен және кимыл әрекетінің дамуымен сипатталады.

Мектепке дейінгі білім берудің заманауи тұжырымдамасы және мектеп жасына дейінгі балалардың тамақтануына қойылатын талаптар мектепке дейінгі ұйымда сапалы тамақтануды ұйымдастыру баланың өміріне және оның келешектегі жетістіктеріне оң ықпал ететініне негіз болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балаларды дұрыс тамақтандырудың негізгі қағидасы – тағам рационалын барынша әртүрлі етіп ұйымдастыру.

Тамақтану – баланың өсу процестерінің, физикалық және жүйке-психикалық дамуының қалыпты өтуін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі. Тамақ сапасының нашарлауы бала ағзасының қорғаныс-бейімделу механизмдері деңгейінің төмендеуіне және аллергиялық реакциялар мен ас қорыту органдары ауруларының артуына әкеледі.

Аталған әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтануды ұйымдастырудың негізгі қағидаларын айқындайды.

Әдістемелік ұсынымдарда мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтануды ұйымдастыру және бақылау бойынша жұмыстың мазмұны ұсынылған. Мектеп жасына дейінгі балалардың дұрыс тамақтануы олардың өсуі, физикалық және психикалық дамуы үшін қажетті жағдай болып табылады. Балалар көбінесе мектепке дейінгі ұйымда болады, сондықтан олардың денсаулығы мен дамуы дұрыс ұйымдастырылған тамақтануға байланысты.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ТАМАҚТАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАТТАРЫ

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиеленушілерді теңгерімді тамақтандыруды олардың жас ерекшеліктерін, денсаулық жағдайын, мектепке дейінгі ұйымның жұмыс тәртібін, маусымдық азық-түліктердің болуын ескере отырып, қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындар ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда және мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын ай сайынғы төлемақы мөлшері тәрбиеленушінің жасына қарамастан тамақтануға кететін шығынның 100 пайызын құрайды.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды тамақпен қамтамасыз етуді Білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарына сәйкес және азық-түлік рационын әртүрлі етіп ұйымдастыру қажет. Күнделікті рационға барлық негізгі азық – түлік топтарын – ет, балық, сүт және сүт өнімдерін, жұмыртқаны, тағамдық майларды, көкөністер мен жемістерді, қант пен кондитерлік өнімдерді, нан, жарма және басқа да азық-түліктерді қосқанда ғана балаларды барлық қажетті қоректік заттармен қамтамасыз етуге болады. Керісінше, осы азық-түлік топтарының бірін рационнан алып тастау немесе олардың кез-келгенін шамадан тыс тұтыну балалардың денсаулығының бұзылуына әкеледі. Азық-түліктерді дұрыс таңдау – қажетті шарттардың бірі, бірақ тәрбиеленушілердің тиімді тамақтануы үшін әлі де жеткіліксіз болып табылады. Дайын тағамдардың тартымды, дәмді, хош иісті болуы және балалардың жеке талғамдарын ескере отырып дайындалуы қажет, бұған азық-түліктердің жеткілікті жиынтығын және олардың жоғары дәмдік қасиеттерін және бастапқы тағамдық құндылығының сақталуын қамтамасыз ететін аспаздық өңдеудің түрлі әдістерін қолдану арқылы қол жеткізіледі. Рационның жеткілікті энергетикалық құндылығы балалардың энергетикалық шығындарына сәйкес келуі тиіс.

Балаларды тамақтандыру мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтандыруды ұйымдастыру тәртібіне сәйкес ұйымдастырылуы қажет: тамақтану уақыты қатаң түрде тұрақты болуы керек, тамақтану жиілігі баланың мектепке дейінгі ұйымда болу мерзіміне байланысты ұйымдастырылады.

Асқорыту органдарының шырышты қабатының тітіркенуіне әсер етуі мүмкін өнімдер мен тағамдарды, сондай-ақ созылмалы аурулары бар (өршу сатысынан тыс) немесе асқазан-ішек жолдарының функционалдық бұзылулары бар балалардың денсаулығының нашарлауына әкелуі мүмкін азық-түліктерді (жеңіл тамақтану) рационнан алып тастау қажет.

Әр тамақтану кезінде ыстық тағамдар мен аспаздық өнімдерді, оның ішінде бірінші тағамдар мен ыстық сусындарды пайдалану міндетті болып табылады.

Балабақшаға бала алғашқы келген күндері қалыптасқан мінез-құлқын, оның ішінде тамақтану дағдыларын өзгертуге жол берілмейді. Егер бала

өзбетінше тамақтана алмаса немесе тамақ ішікісі келмесе, алғашқы кезде тәрбиешілер оны тамақтандыруы керек, кейде басқа балалар тамақ ішіп болғаннан кейін тамақтандыруға болады. Егер бала тамақтанудан бас тартса, оны күштеп тамақтандыруға болмайды, бұл баланың ұжымға, балабақшаға деген теріс көзқарасының қалыптасуына ықпал етуі мүмкін.

Тәрбиеленушілерді тамақтандыруды ұйымдастыруға жауапкершілік мектепке дейінгі ұйымның басшысына жүктеледі.

ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

Тамақтануды ұйымдастырудың қағидаттары мыналарды:

1) балалардың тамақтануының энергетикалық құндылығының энергетикалық шығындарға сәйкестігін;

2) тағамның химиялық құрамының организмнің физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкестігін;

3) оның теңгерімділігін қамтамасыз етудің негізгі шарты болып табылатын рационның барынша әртүрлілігін;

4) оңтайлы тамақтану режимін;

5) жоғары дәмдік қасиетін және бастапқы тағамдық құндылығының сақталуын қамтамасыз ететін тағамды дұрыс дайындауды;

6) балалардың жеке ерекшеліктерін ескеруді;

7) жеткізілетін тамақ өнімдеріне, оларды тасымалдауға, сақтауға, тағамдарды дайындауға және таратуға ас блогының жай-күйіне қойылатын барлық санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын қоса алғанда, тамақтанудың санитариялық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қамтиды [5].

Тәрбиеленушілерді тамақтандыру мектепке дейінгі ұйымның басшысы бекітетін және әр жас тобында ілінетін он күндік ас мәзірінің үлгісі негізінде жүзеге асырылады.

Перспективалық маусымдық (жаз – күз, қыс – көктем) Ас мәзірін емдәмбике тәуліктік азық-түлік жиынтығының бекітілген нормаларына сәйкес құрастырады. Бұл ретте, тәуліктік рационы өнімдерінің бір бөлігі (сүт, нан, қант, сары май, көкөністер) күнделікті мәзірге тәуліктік жиынтықтың нормаларына сәйкес мөлшерде енгізіледі. Басқа өнімдер (балық, сүзбе, жұмыртқа, ірімшік, қаймақ және басқалары) баланың рационына күн сайын енгізілмейді, бірақ бір апта ішінде ол толығымен беріледі.

Тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде ресми дереккөздердің рецептуралары (рецептуралар жинағы, әдістемелік ұсынымдар, монографиялар) пайдаланылады, олардың негізінде ресми дереккөзге сілтемесі бар тағамдардың картотекасы жасалады. Бір өнім болмаған жағдайда, оларды химиялық құрамы жағынан бірдей басқа өнімдермен алмастырады. Рационның толыққанды құрамын сақтау үшін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес өнімдерді ауыстыру кестелері

пайдаланылады (*1-қосымша*).

Аурудың белгілі бір түрлері бар балалардың жекелеген санаттары үшін жеңіл (диеталық) тамақтану ұйымдастырылады. Белгілі бір диеталық тамақтануды қажет ететіндердің саны және оны қабылдау ұзақтығы балаларды жыл сайын тереңдетілген медициналық қарап-тексеру нәтижелері бойынша, сондай-ақ ата-аналар ұсынатын анықтамалардың негізінде айқындалады. Диеталық тағамдарды дайындау қолданыстағы нормативтік және техникалық құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

Мәзірді әзірлеу кезінде:

- 1) балалардың жалпы білім беру мекемесінде болу ұзақтығы;
- 2) жас ерекшелік санаты;
- 3) балалардың физикалық жүктемелері ескеріледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мәзірде:

- 1) тағам порцияларының массасы;
- 2) олардың тағамдық және энергетикалық құндылығы;
- 3) негізгі дәрумендер мен микроэлементтерге тәуліктік қажеттілік

бойынша талаптар сақталады.

Мәзір:

- 1) тағамдардың сандық құрамы;
- 2) әрбір тағамдағы дәрумендер мен минералдық заттардың құрамын қоса алғанда, энергетикалық және тағамдық құндылығы туралы ақпаратты қамтиды.

Мәзірде сол тағамдарды немесе аспаздық өнімдерді бір күнде немесе келесі 2 – 3 күнде қайталауға жол берілмейді.

Балаларды тамақтандыруға арналған мәзірді әзірлеу кезінде мұздатылған тағамдарды қайта термиялық өңдеуге және жылытуға жатпайтын жаңа дайындалған тағамдар қолданылады.

Күн сайын мектепке дейінгі ұйым тобының қабылдау бөлмесінде балабақшаның басшысы бекіткен ас мәзірі ілінеді, онда тағамның граммен шығуын (салмағын) көрсете отырып, әрбір тамақтануға арналған тағамдардың тізбесі, сондай-ақ әрбір тағам бойынша тамақ өнімдерінің шығыны (брутто массасында) көрсетіледі (*2-қосымша*).

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың таңғы асы ыстық тағамнан (ботқа, пісірме, сүзбе және жұмыртқа тағамдары және басқалары), сары май жағылған немесе ірімшікпен бутербродтан және ыстық сусыннан тұрады. Түскі асқа салат немесе порцияланған көкөністер, бірінші тағам (сорпа), екінші (гарнир және еттен пісірілген тағам, балық немесе құс еті), сусын (компот немесе кисель) беріледі. Бесін асқа кремсіз тоқаш немесе кондитерлік өнімдермен сусын (сүт, сүт қышқылы сусындары, шырындар, шәй) беріледі, сүзбе немесе жарма пісірмелері мен тағамдарын беруге болады. Кешкі асқа балық, ет, көкөніс және сүзбеден жасалған тағамдар, салаттар және ыстық сусындар беріледі.

Сонымен қатар, екінші кешкі ас ретінде жемістер немесе ашытылған сүт өнімдері, кремсіз тоқаш немесе кондитерлік өнімдер беріледі.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтану арасындағы аралық 3,5 – 4

сағаттан аспайды.

Тәрбиеленушілердің тамақтануында ауыл шаруашылығы ұйымдарында, оқу-тәжірибелік және бақша учаскелерінде, білім беру объектілерінің жылыжайларында өсірілген өсімдік тектес азық-түлік шикізаты оның қауіпсіздігін растайтын тамақ өнімдері көрсетілген зертханалық-аспаптық зерттеу нәтижелері болған кезде пайдаланылады.

8 және одан да көп сағат режимінде жұмыс істейтін мектепке дейінгі ұйымның мәзірінде балалардың тамақтануында мыналарды күнделікті пайдалану көзделеді: сүт, сүт қышқылы сусындары, ет (немесе балық), картоп, көкөністер, жемістер, нан, жарма, сары май және өсімдік майы. Қалған өнімдер (сүзбе, қаймақ, құс еті, ірімшік, жұмыртқа, шырындар және т.б.) аптасына 2 – 3 рет қосылады.

Қысқа мерзімді болу режимінде жұмыс істейтін мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде мәзірге мектепке дейінгі ұйымның жұмыс тәртібі мен балалардың тамақтану режимі ескеріле отырып, тағамдар мен өнімдер енгізіледі.

Мамандандырылған мектепке дейінгі ұйымдарда және созылмалы аурулармен ауыратын балаларға арналған топтарда (қант диабеті, тамақ аллергиясы, жиі ауыратын балалар) балалардың тамақтануы тиісті тамақтану нормалары мен мәзірлер негізінде тиісті патологиясы бар балалардың емдік және профилактикалық тамақтануы қағидаттарына сәйкес ұйымдастырылады (*3-қосымша*).

Жеке тамақтану (таңғы ас, екінші таңғы ас, түскі ас, бесін ас, кешкі ас, екінші кешкі ас) бойынша балалардың тамақтану жиілігі мен тамақтану режимі балалардың болу уақытымен және мектепке дейінгі ұйымның жұмыс тәртібімен анықталады.

Темір тапшылығы мен йод тапшылығы ауруларының алдын алу мақсатында мектепке дейінгі ұйымдарда «С» дәруменімен дәрумендеу: ерте жастағы балалар (3 жасқа дейін), мектеп жасына дейінгі балалар (3 жастан 6 жасқа дейін) үшін - орташа тәуліктік қажеттіліктің 35% есебінен деректерді балабақшаның есепке алу құжаттамасына енгізе отырып, жүргізіледі (*4-қосымша*). Дәруменделген тағамдарды жылытпайды.

Дәрумендік сусындар тарату алдында берілген нұсқауларға сәйкес дайындалады. Тағамдарды дәрумендеудің орнына балаларға беру үшін мультидәруменді препараттарды қолдануға жол берілмейді [2, 48 б.].

Мектепке дейінгі ұйымдарда және үйде балалардың әртүрлі және толыққанды тамақтануын қамтамасыз ету үшін ата-аналарды әрбір топтағы ұяшыққа күнделікті ас мәзірін қоя отырып, баланың тамақтану ассортименті туралы хабардар етеді. Күнделікті мәзірде тағамның атауы және порция көлемі, сондай-ақ тамақ аллергиясы және қант диабеті бар балаларға арналған тағамдарды ауыстыру көрсетіледі [5, 6 б.].

ТАМАҚТАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Топ бөлмелеріне қайнаған су әкелуге тыйым салынады. Ас үйден тамақ дәліздер мен баспалдақтарда балалар болмаған кезде ғана әкелінуі тиіс.

Ауыз суды ішу режимін ұйымдастыру үшін тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану.

Қайнаған суды ауыстыру кестесін сақтау. Ата - аналардан балабақшада балалардың тамақтану рационында көзделмеген әсіресе, дайындалу мерзімі көрсетілмеген өнімдерді (торттар, бәліштер және т.б.) қабылдауға тыйым салынады. Тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаюды еске салып отыру керек. Балаларға аузындағы тамақтың қалдықтарымен, сағызбен, кәмпитпен және т.б. ұйықтауға жол бермеу, осы мақсатта ұйқыға жатқызудың алдында әр баланың ауыз қуысын тексеру. Тамақтану кезінде тәрбиеленушілердің ас құралдарын дұрыс пайдалануын бақылау қажет. Жарақаттануды болдырмау үшін ас құралдары мен шәй ішетін ыдыстарда жарықтар болмауы керек. Тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескеру (оның ішінде олардың кейбір азық-түліктер мен тағамдарды қабылдай алмауы) керек. Тамақтанудың санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет (ас блогының жағдайына, жеткізілетін азық-түлік өнімдеріне, оларды тасымалдауға, сақтауға, дайындауға, тағамдарды таратуға және т.б. тиісті санитарлық талаптарды сақтау).

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ТАМАҚ ӨНІМДЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған балалар тағамы үшін тамақ өнімдерін өндіру (дайындау) кезінде азық-түлік (тамақ) шикізатының мынадай түрлерін пайдалануға жол берілмейді:

- 1) қайта мұздатылған жануарлар мен құстардың өнімдері;
- 2) балық және балық емес кәсіпшілік объектілерінің қайта мұздатылған шикізаты;
- 3) механикалық жолмен сүйектен сылынып алынған жануарлардың еті және механикалық жолмен сүйектен сылынып алынған құс еті;
- 4) құс етінен жасалған құрамында коллаген бар шикізат;
- 5) жануарлардың түрлі жұмсақ етінен, сондай-ақ мерзімі 6 айдан асатын субөнімдерден (бауыр, тіл, жүрек) жасалған мұздатылған блоктар;
- 6) дәнекер және май тіндерінің салмақтық үлесі 20 %-дан асатын сіңірілген сиыр еті;
- 7) майлы тіннің салмақтық үлесі 70 %-дан асатын сіңірлі шошқа еті;
- 8) майлы тіннің салмақтық үлесі 9 %-дан асатын сіңірлі қой еті;
- 9) бұқалардың, қабандардың және арық жануарлардың еті;
- 10) бауырды, тілді, жүректі және қанды қоспағанда жануарлар мен құстардың қосымша өнімдері;

- 11) суда жүзетін құстардың жұмыртқалары мен еті;
 - 12) диффузиялық қойылтылған шырындар;
 - 13) килограмм (бұдан әрі – кг) майдағы асқын тотығының саны белсенді оттегінің 2 ммоль-ден астам өсімдік майлары (зәйтүн майын қоспағанда); кг. майдағы асқын тотығының саны белсенді оттегінің 2 ммоль-ден астам зәйтүн майы;
 - 14) өсімдік майлары: мақта;
 - 15) гидрогенделген май мен майлар;
 - 16) ащы дәмдеуіштер (бұрыш, ақ желкек, қыша).
- Мектепке дейінгі ұйымдардың тамақтану объектілерінде:
- мыналарды:
- қатық, сүзбе, айран;
 - тартылған ет қосылған құймақтарды;
 - тартылған ет қосылған макаронды;
 - зельцтер, форшмактар, паштеттерді;
 - кремі бар кондитерлік өнімдерді;
 - тұтыну қаптамасындағы кондитерлік өнімдер мен тәттілерді (шоколад, кәмпиттер, печенье, сондай - ақ мектепке дейінгі ұйымдарда және балалар үйлерінде-халва, мармелад, пастила);
 - морс, квасты;
 - фритюрде қуырылған өнімдерді;
 - шала пісірілген жұмыртқа, қуырылған жұмыртқаны;
 - күрделі (төрт компоненттен артық) салаттарды, қаймақ пен майонез қосылған салаттарды;
 - окрошканы;
 - саңырауқұлақтарды;
 - өнеркәсіптік емес дайындалған (үйде дайындалған) тамақ өнімдерін;
 - тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізіндегі бірінші және екінші тағамдарды;
 - газдалған, емдік және емдік-асханалық минералды суды, тәтті алкогольсіз сусындарды, алкогольсіз энергетикалық (сергітетін) сусындарды, диффузиялық қойылтылған шырындарды (қаптамаланған минералды және ауыз суды қоспағанда);
 - фаст-фудтар: гамбургерлер, хот-догтар, пиццалар, наггетстер, чипсілер (чипсондар), дәмдік қоспалары бар тұздалған қытырлақ нанды;
 - ащы тұздықтар, кетчуптар, ащы дәмдеуіштерді (бұрыш, ақшелкек, қыша) дайындауға және өткізуге рұқсат етілмейді.

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА БАЛАЛАРДЫ ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТАУАРЛАРДЫ САТЫП АЛУ ТӘРТІБІ

Конкурстық негізде мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу мынадай дәйекті іс-қимылдарды орындауды көздейді:

1) тауарларды сатып алу жоспарын әзірлеу және бекіту, егер конкурсты ұйымдастырушы тапсырыс берушінің өзі болмаған жағдайда - тапсырыс берушінің веб-портал арқылы конкурсты ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау үшін тауарларды сатып алудың жылдық жоспарының (тауарларды сатып алудың алдын ала жылдық жоспарының) тармақтарын жіберуі;

2) конкурстық комиссияның құрамын қалыптастыру және бекіту, конкурсты ұйымдастырушы өткізген жағдайда, конкурстық комиссияның құрамына тапсырыс берушінің қызметкерлерін енгізу міндетті емес;

3) конкурстық құжаттаманың жобасын бекіту;

4) өнім берушіні таңдау рәсімін жүзеге асыру туралы хабарландыруды, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың жобасының мәтінін веб-порталда орналастыру;

5) конкурстық құжаттаманың жобасын веб-портал арқылы алдын ала талқылау және конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасын, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың мәтінін веб-порталда орналастыру;

6) әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерді электрондық құжат нысанында ұсынуы және оларды веб-порталда автоматты түрде тіркеуі;

7) өтінімдерді автоматты түрде ашу және тиісті ашу хаттамасын веб-порталда орналастыру;

8) конкурстық комиссияның веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін олардың біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан карауы;

9) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді анықтау және оларды конкурсқа қатысушылар деп тану;

10) конкурс жеңімпазын, сондай-ақ екінші, үшінші, төртінші және одан әрі кезектілік тәртібімен орын алған әлеуетті өнім берушіні анықтау және сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы веб-порталда орналастыру;

11) конкурс қорытындылары туралы хаттама негізінде тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының жеңімпазбен шарт жасасуы.

Конкурстық құжаттамада немесе орналастырылатын ақпаратта әлеуетті өнім берушілерге сандық жағынан өлшенбейтін және (немесе) әкімшілендірілмейтін кез келген талаптарды белгілеуге не сатып алынатын

тауарлардың жекелеген әлеуетті өнім берушілерге тиесілігін айқындайтын сипаттамаларды көрсетуге жол берілмейді.

Тауарларды сатып алуды ұйымдастырушының немесе тапсырыс берушінің тауарларды сатып алудың бекітілген (алдын ала) жоспары негізінде конкурсты ұйымдастырушы жүзеге асырады.

Тиісті бюджет негізінде тапсырыс беруші немесе, егер тапсырыс беруші мен конкурсты ұйымдастырушы бір тұлға болған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы тиісті бюджет бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына (ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларға қажеттілік негізінде қаржы жылына арналған тауарларды сатып алу жоспарын әзірлейді және бекітеді.

Тамақтануға арналған шығындардың 100 пайызы ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын мектепке дейінгі ұйымдарда тауарларды сатып алу жоспары қаржы жылының желтоқсан айында бекітіледі.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ТАМАҚТАНУДЫ БАҚЫЛАУ

Мектепке дейінгі ұйымда тамақтануды ұйымдастыру мен тамақтың сапасына әкімшілік бақылауды мектепке дейінгі ұйымның басшысы, медбике (емдәмбике) өз құзыреті шегінде бекітілген бақылау жоспарына немесе мектепке дейінгі ұйым басшысының бұйрығына сәйкес жүзеге асырады.

Бақылаудың кейбір түрлерін жүзеге асыру үшін арнайы комиссия ұйымдастырылуы мүмкін, оның құрамы мен өкілеттігі балабақша меңгерушісінің бұйрығымен айқындалады және бекітіледі. Комиссия жұмысына байқаушылар ретінде қатысу үшін СЭҚ, ата-аналар комитеті және әкімшілік кеңес өкілдері тартылуы мүмкін.

Мектепке дейінгі ұйымның медицина қызметкері (емдәмбике) санитариялық қағидалар талаптарының сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді; бракераж комиссиясымен бірге (құрамы білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрығымен айқындалады) өнімдердің салынуының және дайын тағамдардың шығымының дұрыстығын мерзімді түрде тексереді; тәуліктік сынамалардың іріктелуін және сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді; тілектер мен пікірлер журналындағы жазбаларды зерделейді; ас блогы қызметкерлерінің қол терісінде, дененің ашық бөліктерінде зақымданудың және іріңді аурулардың, сондай-ақ ангинасы және жоғарғы тыныс алу жолдарында катаральды құбылыстары бар науқастардың болуына тексеруін бақылауды қамтамасыз етеді. Дене жарақаттары, тіліктері, күйіктері, фурункуласы, іріңдері бар қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді.

Ас блогында бақылауды жүзеге асыратын адамдардың дені сау болуы және қолданыстағы бұйрықтар мен нұсқаулықтарға сәйкес медициналық тексеруден өткен болуы тиіс. Ереженің осы тармағының орындалуына жауапкершілік балабақшаның медбикесіне жүктеледі.

Бақылау жүргізу үшін:

- жоспар - кесте;
- балабақша бойынша бұйрық;
- ата-аналардың (заңды өкілдердің) және мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің бұзушылық туралы өтініші негіз болып табылады.

Бақылайтын адамдар тамақтану мәселесіне қатысты қажетті ақпаратты алдын ала сұратуға және құжаттаманы зерделеуге құқылы.

Бақылау барысында тәрбиеленушілерді тамақтандыруды ұйымдастыру бөлігінде ҚР заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда бұл туралы мектепке дейінгі ұйымның басшысына хабарлайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Балалардың денсаулығын теңгерімді тамақтандырумен қамтамасыз ету қажет, бұл олардың өсуі, физикалық және жүйке-психикалық дамуы, инфекцияларға және қоршаған ортаның басқа да қолайсыз факторларына қарсы тұруы үшін қажетті жағдай болып табылады. Сонымен қатар, дұрыс ұйымдастырылған тамақтану балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, салауатты әдеттерді қалыптастырады, тамақтану мәдениетінің негізін қалайды.

Қазіргі кезде көптеген себептердің нәтижесінде балалар денсаулығының нашарлауына байланысты тамақтанудың рөлі едәуір артып отыр, олардың бірі отбасында құнарсыз тамақтану және тағам сапасының төмендеуі болып табылады.

Дұрыс тамақтану баланың дамуында үлкен рөл атқарады, өйткені ол нәрестенің өсуінде, оның ақыл-ойының және физикалық дамуында маңызды рөл атқаратын әртүрлі дәрумендер мен микроэлементтерді қаншалықты алатынына байланысты болып келеді.

Балабақшада балалардың тамақтануы балалар үшін арнайы белгіленген нормалармен анықталады. Аптаға құрастырылған мәзірде барлық тағамдардың жиынтығы балаға қажетті микроэлементтер мен қоректік заттардың толық мөлшерін беруі керек екені ескеріледі. Балаларды тамақтандыру ұсақ-түйегіне дейін ойластырылуы керек және дайындалған тағамның сапасы мен оның дәмдік қасиеттерін бақылауды медициналық қызметкер үнемі жүзеге асырады. Әр балабақшада медбике жұмыс істейді, ол күн сайын тамақтың сапасын тексереді.

Балалардың күнделікті рационында бірдей тағамдар қайталанбайды, балаларға аптасына бір рет балық беріледі. Әрбір балабақшаның ас мәзірі

міндетті түрде сүтқышқылды өнімдер, жұмыртқа, ет, жармалар, көкөністер, макарон өнімдерінен тұрады. Бала балабақшада болған кезде (10-12 сағат) күніне төрт-бес мезгіл тамақтану режимі енгізілді, бұл оңтайлы нұсқа болып табылады.

Балабақшада балаларды тамақтандырумен үйде баланы тамақтандыруды сәйкестендіру керек, сонда ғана оның күнделікті рационын өсіп келе жатқан ағза үшін дәмді және пайдалы тағаммен айтарлықтай түрлендіруге болады.

Тамақ өнімдерін алмастыру, граммда (нетто)

№	Алмастыруға жататын өнімнің түрі	Массасы, граммен	Алмастыратын тамақ өнімінің түрі	Массасы, граммен
1	2	3	4	5
1	Сиыр еті	100,0	1-санатты сүйегі бар кесек ет: қой еті, жылқы еті, қоян еті	100,0
			1-санатты сүйегі жоқ кесек ет: қой еті, жылқы еті, қоян еті	80,0
			1-санатты жылқы еті	104,0
			құс еті	100,0
			1-санатты субөнімдер: бауыр, бүйрек, жүрек	116,0
			пісірілген шұжық	80,0
			ет консервілері	120,0
			балық	150,0
			жартылай майлы сүзбе	250,0
			сүт	600,0
2	Майы алынбаған сүт	100,0	кефир, айран	100,0
			қойылтылған стерилденген сүт	40,0
			кілегей	20,0
			майлы сүзбе	30,0
3	Қаймақ	100,0	кілегей	133,0
			сүт	667,0
4	Сүзбе	100,0	сүт	333,0
			ірімшік	40,0
			сүзбе ірімшік	80,0
			қаймақ	50,0
			кілегей	66,0
5	Ірімшік	100,0	сиырдың сары майы	50,0
			қаймақ	125,0
			сүзбе	250,0
			сүзбе ірімшік	200,0
			сүт	825,0

			жұмыртқа	3 шт.
6	Жұмыртқа	1 шт.	ірімшік	33,0
			қаймақ	40,0
			сүзбе	80,0
7	Басы алынған балық	100,0	ет	67,0
			тұздалған майшабақ	100,0
			балықтың жон еті	70,0
			сүзбе	168,0
			ірімшік	50,0
8	Жемістер	100,0	жеміс-жидек шырыны	100,0
			кептірілген алма	20,0
			кептірілген өрік	8,0
			қара өрік	17,0
			жүзім	22,0
			қарбыз	300,0
			қауын	200,0

2-қосымша

Мектепке дейінгі ұйымдар және сәбилер үйлерінде балалардың жас ерекшелігіне байланысты (граммен) порциялардың массасы

Тамақ ішу	Порция массасы (граммен)		
	1-2 жастағы	3-5 жастағы	6 жастағы
1	2	3	4
Таңғы ас	350 - 450	400 - 500	500 - 550
Түскі ас	400 - 550	550 - 600	600 - 800
Бесін ас	200 - 250	250 - 300	300 - 400
Кешкі ас	350 - 400	400 - 500	450 - 600

Балалар бөбекжайында, балабақшаларда және мектепке дейінгі санаторий ұйымдарында тәрбиеленетін балаларды тамақтандыру нормалары (бір балаға күніне граммен)

Атауы	Балалардың жас мөлшері					Санаторий ұйымдарында	
	3 жасқа дейін		3 жастан 7 жасқа дейін				
	Ұйымдарда болу ұзақтығы					3 жасқа дейін	3-7 жасқа дейін
	9-10,5 сағат	12-24 сағат	9-10,5 сағат	12 сағат	24 сағат		
1	2	3	4	5	6	7	8
Азық-түлік							
Бидай наны	55	60	80	110	110	70	110
Қара бидай наны	25	30	40	60	60	80	60
Бидай ұны	16	16	20	25	25	16	25
Картоп ұны	3	3	3	3	3	3	3
Жарма, бұршақ, макарон өнімдері	20	30	30	45	45	35	45
Картоп	120	150	190	220	220	150	250
Өртүрлі көкөністер	180	200	200	250	250	300	300
Жаңа піскен жемістер	90	130	60	60	150	250	350
Кептірілген жемістер	10	10	10	10	15	15	15
Кондитерлік бұйымдар	4	7	10	10	10	10	15
Қант	35	50	45	55	55	50	60
Сары май	12	17	20	23	25	30	35
Өсімдік майы	5	6	7	9	9	6	10
Жұмыртқа (дана)	0,25	0,5	0,5	0,5	0,5	1	1
Сүт	500	600	420	500	500	700	700
Сүзбе	40	50	40	50	50	50	75
Ет	60	85	100	100	100	120	160
Балық	20	25	45	50	50	25	70
Қаймақ	5	5	5	10	15	20	25

Ірімшік	3	3	5	5	5	10	10
Шай	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2
Дәнді кофе	1	1	2	2	2	1	2
Тұз	2	2	5	5	8	5	8
Ашытқы	1	1	1	1	1	1	1

4-қосымша

«С – дәрумендеу» журналы

Тағамды дайындау күні және сағаты	Тағамның атауы	Қосылған дәруменнің жалпы саны	Бір порциядағы "С" дәрумені мөлшері	Жауапты адамның қолы
1	2	3	4	5

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі №ҚР ДСМ-59 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 13 шілдеде № 23469 болып тіркелді <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

2. «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 ақпанда № 26866 болып тіркелді <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026866>

3. «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидалары» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000320>

4. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 6 тамызда № 23890 болып тіркелді <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023890>

5. «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 жетоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21857 болып тіркелді. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021857>

6. О принятии технического регламента Таможенного союза «О безопасности пищевой продукции» <https://adilet.zan.kz/rus/docs/H11T0000880>

7. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 14 желтоқсанда № 17948 болып тіркелді <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017948>

8. Мектепке дейінгі ұйымда тамақтануды ұйымдастыру және бақылау: әдістемелік құрал. – Астана: «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы, 2013. – 44 б.

9. Программа по формированию здорового питания детей дошкольного возраста «Здоровый малыш». – Ростов: МДОУ «СЕРПАНТИН», 2018. – 33 с.

10. Устав ВОЗ. – Глобальный веб-сайт, 2023. – <https://www.who.int/ru/about/governance/constitution>

11. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>

МАЗМҰНЫ

1. ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА	3
2. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ТАМАҚТАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАТТАРЫ	4
3. ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ	5
4. ТАМАҚТАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ	8
5. МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ТАМАҚ ӨНІМДЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ	8
6. МЕМЛЕКЕТТІК МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА БАЛАЛАРДЫ ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТАУАРЛАРДЫ САТЫП АЛУ ТӘРТІБІ	10
7. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ТАМАҚТАНУДЫ БАҚЫЛАУ	11
8. ҚОРЫТЫНДЫ	12
9. ҚОСЫМША	14
10. ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	20

Методические рекомендации по организации и контролю питания в дошкольных организациях с учетом действующих НПА: методические рекомендации. – Астана, 2024. – 38 с.

Рецензенты:

Жиенбаева С. Н. д.п.н., профессор;

Бектурганова Г.К., заведующая;

Мухиденова Ж.А., методист

В методических рекомендациях представлено содержание работы по организации и контролю питания в дошкольных организациях. Рациональное питание детей дошкольного возраста – необходимое условие их гармоничного роста, физического психического развития. Дети, большинство времени находятся в дошкольной организации, поэтому от правильно организованного питания, во многом зависит здоровье и развитие воспитанников.

Пособие предназначено для руководителей, медработникам и работникам пищеблока дошкольных организаций в вопросах правильной организации и контроля питания детей дошкольного возраста.

Методические рекомендации рассмотрены и рекомендованы Научно-методическим советом Института раннего развития детей МП РК (протокол № 2 от 11 марта 2024 года).

Институт раннего развития детей, 2024 год

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

